

¹ Ж. М. Сабитов , ² *Б.Н. Нышан 

^{1,2} Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ¹ zh.sabitov@gmail.com ² botagoz.nurmahanbet@gmail.com

«МАДЖМУ АТ-ТАУАРИХ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗДАР ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада парсы тілінде жазылған Сейф ад-Дин Ахсикендидің «Маджму ат-тауарих» шығармасындағы қырғыздардың ортағасыр тарихына қатысты деректер қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – парсы тілінде жазылған «Маджму ат-тауарих» шығармасындағы қырғыздардың ортағасырлық тарихын зерттеудегі деректік құндылығын және қырғыз этногенезіне қатысты мәліметтердің ғылыми маңызын айқындау. Зерттеудің міндеттері – шығармада кездесетін қырғыздардың саяси тарихын, этникалық құрамын және рулық-генеалогиялық құрылымын жүйелеу; Әмір Темірдің Моғолстанға жорықтары барысында орын алған саяси өзгерістерді қарастыру; қырғыздардың Моғолстан құрамына ену үдерісін және олардың Жошы ұлысының этникалық элементтерімен байланысын талдау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – «Маджму ат-тауарих» шығармасының толық нұсқасы қазақ тіліне аударылуы; қырғыздардың Анка төре ұлысындағы саяси орны мен шежірелік байланыстарын жүйелеу, сондай-ақ Анка төре ұлысының күйреуінің қырғыз қауымдарының тарихына ықпалын нақтылау. Зерттеу барысында мәтіндік талдау, салыстырмалы-тарихи және тарихи-генеалогиялық әдістер қолданылды. Зерттеудің негізгі дереккөзі – Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтында № В667 нөмірімен сақталған «Маджму ат-тауарих» шығармасының қазақша толық аудармасынан үзінділер мен оған берілген ғылыми түсініктемелер. Зерттеу нәтижесінде шығармада қырғыздардың ортағасырлық тарихына қатысты бірегей мәліметтер сақталғаны анықталды. Атап айтқанда, Анка төре ұлысының құрамында Оң қанат, Сол қанат және Ичкилик бірлестіктеріне кірген қырғыз қауымдарының болғаны, сондай-ақ олардың саяси және рулық-генеалогиялық құрылымдарына қатысты деректер талданды. Сонымен қатар Анка төре ұлысының талқандалуы нәтижесінде қырғыз қауымдарының әртүрлі аймақтарға қоныс аударуы және олардың Жошы ұлысының этникалық ортасымен байланысы қарастырылды. Шығармадағы анахронизмдер мен аңыздық элементтерге қарамастан, оның нақты тарихи оқиғалар, көші-қон үдерістері және рулық құрылым туралы құнды деректерді сақтағаны көрсетілді. Зерттеу нәтижелері «Маджму ат-тауарих» дерегінің Моғолстан, Жошы ұлысы және қырғыздардың ортағасырлық этнотарихын зерттеудегі маңызын айқындауға мүмкіндік береді.

Алғыс: Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR24992878 Жошы ұлысының XIII-XV ғасырлардағы этносаяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеу гранттық жоба аясындағы зерттеулер бойынша жарияланды.

Кілт сөздер: «Маджму ат-тауарих», парсы дереккөзі, Жошы ұлысы, Моғолстан, қырғыз.

Кіріспе

«Маджму ат-тауарих» шығармасы XVI ғасырда Ферғанада, Касан қаласындағы «Ишқия» сопылық тариқатының жетекшісі Сейид Мир Жалилдің соңынан ерген молда Сайф ад-дин Ахсикентидің парсы тілінде жазған еңбегі. Бұл еңбек Сейид Мир Жалилдің өтінішімен және батасымен жазылған (Петров 1961:140). Сейид Мир Жалил Орта Азияға танымал, «дахбедия» мектебінің негізін қалаушы, Нақшбандия ілімінің ірі теоретигі әрі шейхы Сейид Ағзам

Махдуми Ағзам Касани Дахбедидің (1461- 1542) әкесі Сейид Жалал ад-Дин Касанимен бір адам болуы мүмкін.

«Маджму ат-тауарих» парсы дереккөзінің бүгінге дейін табылған үш нұсқасы бар. Бірінші нұсқасы № № В667 нөмірімен Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалар институтында сақтаулы тұр. Екінші нұсқасы № 693 нөмірімен Санкт-Петербург мемлекеттік университеті кітапханасының Шығыс бөлімінде сақталған. Үшінші нұсқасы № 167а нөмірімен Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының қорында сақтаулы.

В.В. Бартольд бұл шығарманың қолжазбасын (№ В 667) зерттеп, онда анахронизмдер өте көп, бұл деректі пайдалануды қиындатады деген қорытындыға келген. В.А. Ромодин бұл шығармада тарихи фактілер аңыз бен ойдан шығарылған әңгімелермен араласып кеткен деген пікір білдірді [МИКК, 1973, 200-6]. А.Т. Тагирджанов 1959-1960 жылдары осы шығарманың екінші тізімін (№ 693) сипаттады. К.И. Петров 1961 жылғы монографиясында В.А. Ромодинмен және басқалармен бірге бұл шығарманың аудармасын дайындау жоспарланғанын жазған болатын (Петров 1961:1396). Алайда, оның толық аудармасы сол күйі жүзеге аспады. 1973 жылы В.А. Ромодин оның үзінділерін жариялады. 1996 жылы «Маджму ат-тауарих» Бішкектегі қолжазба негізінде О. Сооронов пен М.С. Особлов тарапынан қырғыз тіліне толық аударылды (Ахсикенти, 1996).

Осыған дейін бұл деректің Жошы Ұлысы тарихы үшін маңыздылығын атап өткен болатынбыз (Сабитов 2017: 577-590). «Маджму ат -тауарих» шығармасы Алтын Орда тарихы бойынша құнды дереккөз болып табылады. Бұл еңбекте бірқатар анахронизмдер кездескенімен, Моғолстан, Алтын Орда мен қырғыздардың тарихына қатысты бірегей әрі түпнұсқа мәліметтер де бар.

Біріншіден, «Маджму ат-тауарихта» алғаш рет ортағасырлық қырғыздардың ауызша шежіресі жазылған. Бұдан кейінгі шежірелер тек XIX – XX ғасырларда ғана жарық көрген. Бұл бізге бес ғасырлық әкеден балаға ауызша тараған шежіре қаншалықты өзгергенін байқауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, аталған дереккөзде қырғыздың негізгі ру ата-бабаларының Орталық Азия аумағына, атап айтқанда Ферғанаға келуіне қатысты нақты байланыс көрсетілген.

Үшіншіден, осы дереккөзге сүйене отырып, қазіргі қырғыз халқының этногенезін қайта түзетуге болады.

«Маджму ат-тауарих» шығармасының Ресей Федерациясы Ғылым Академиясының Шығыс қолжазбалары институтының қорында № В667 инвентарлық нөмірімен сақталған қолжазба нұсқасы толықтай қазақ тіліне аударылды. Аталмыш шығарманы үш қолжазба нұсқасының ішінде ең көлемдісі әрі толық нұсқасы болып саналады. Жалпы бет саны 197 бет. Алғашқы беттері толық емес. Бірінші және екінші беттері жартылай жыртылған.

Бұл еңбек бірнеше бөлімнен тұрады. Шығармада Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуі мен оның нұрының пайғамбарлар мен әулиелерге таралуы; көшпелі тайпалардың шығу тегі; нақшбандия] сопылық тариқатының шежіресі және Моғолстан, Дешті-қыпшақта орын алған тарихи оқиғалар баяндалады. Сонымен қатар, шығарманың соңғы беттерінде Құран аяттары, араб және шағатай тілінде дұғалар жазылған.

Бұл мақалада «Маджму ат-тауарих» шығармасының (№ В667) Б.Н. Нышанның парсы тілінен қазақ тіліне аударған нұсқасы қолданылды, ал түсініктемесін жазған Ж.М. Сабитов.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу пәнаралық сипатта жүргізіліп, тарих, деректану және аударматану бағыттарының әдіснамалық ұстанымдары негізге алынды. Зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде Ресей ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтында № В667 нөмірімен сақталған «Маджму ат-тауарих» қолжазбасы пайдаланылды. Қолжазбаның толық мәтіні қазақ тіліне аударылып, тарихи-деректанулық тұрғыдан талданды. Зерттеу барысында мәтіндік талдау, деректанулық

сын, салыстырмалы-тарихи және тарихи-генеалогиялық әдістер өзара сабақтастықта қолданылды. Мәтіндік талдау әдісі шығарманың қырғыздардың саяси тарихына, рулық-генеалогиялық құрылымына және этникалық құрамына қатысты деректерді анықтап, жүйелеу мақсатында қолданылды. Мәтіндегі Анка төре ұлысы мен оның құрамындағы қырғыз қауымдары, Әмір Темірдің жорықтары, сондай-ақ жекелеген ру-тайпалардың атаулары мен олардың өзара туыстық байланыстары талданды. Нәтижесінде шығармада Оң қанат, Сол қанат және Ичкилик құрамындағы қырғыз қауымдары туралы мәліметтер кездесетіні және олардың Анка төре ұлысымен байланысы айқындалды. Деректанулық сын әдісі шығармадағы мәліметтердің тарихи сенімділігін бағалау үшін пайдаланылды. Мәтінде кездесетін анахронизмдер, аңыздық және шежірелік сипаттағы мәліметтер тарихи оқиғаларға қатысты деректерден ажыратылып қарастырылды. Бұл тәсіл «Маджму ат-тауарих» мәліметтерін тікелей тарихи факт ретінде қабылдамай, олардың пайда болу сипаты мен деректік құндылығын сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде шығармада анахронизмдер мен аңыздық элементтер болғанымен, онда ортағасырлық саяси оқиғалар, көші-қон үдерістері және қырғыздардың рулық құрылымына қатысты құнды мәліметтер сақталғаны анықталды. Салыстырмалы-тарихи әдіс «Маджму ат-тауарихтағы» мәліметтерді басқа ортағасырлық тарихи деректермен салыстыру және ондағы оқиғалардың тарихи контекстін нақтылау үшін қолданылды. Атап айтқанда, Әмір Темірдің Анка төреге қарсы жорықтары, Анка төре ұлысының талқандалуы және одан кейінгі халықтардың қоныс аударуы туралы мәліметтер басқа деректердегі ақпаратпен салыстыра қарастырылды. Осы салыстыру негізінде шығармадағы мәліметтердің Моғолстан мен Жошы ұлысының саяси тарихын зерттеудегі орны анықталды. Тарихи-генеалогиялық әдіс шығармада берілген қырғыз руларының шежірелік деректерін жүйелеу және олардың өзара байланысын анықтау үшін қолданылды. Мәтіндегі Ақ оғул, Қу оғул, Отуз оғул, Салусбек Булагачи, Адина, Мункуш, Қарабағыш, Тайғай және басқа да тұлғалар мен ру атауларының өзара сабақтастығы талданды. Бұл әдіс арқылы «Маджму ат-тауарихтағы» генеалогиялық мәліметтердің қазіргі қырғыздардың рулық құрамын тарихи тұрғыдан зерделеудегі мүмкіндіктері айқындалды.

Аталмыш әдістерді кешенді түрде қолдану нәтижесінде «Маджму ат-тауарих» шығармасының қырғыздардың ортағасырлық тарихын, олардың Моғолстандағы саяси үдерістерге қатысуын, Анка төре ұлысымен байланысын және Жошы ұлысының этникалық ортасымен өзара сабақтастығын зерттеудегі деректік маңызын анықтауға септігін тигізді.

Талқылау

«Маджму ат-тауарих» шығармасының тарихи дерек ретіндегі маңызы және оның қырғыздардың ортағасырлық тарихын зерттеудегі орны отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде әр кезеңде қарастырылып келді. Шығармаға қатысты зерттеулердің тарихын шартты түрде оның қолжазбаларын анықтау және сипаттау кезеңі, жекелеген үзінділерін ғылыми айналымға енгізу кезеңі және шығарманы толық тарихи дерек ретінде қайта бағалау кезеңі деп бөлуге болады.

«Маджму ат-тауарихқа» алғаш назар аударған зерттеушілердің бірі – В.В. Бартольд. Ол Санкт-Петербурда сақтаулы тұрған № В 667 қолжазбасымен танысып, шығарманың мазмұнына баға берген. Бартольд еңбектің негізінен Қасан қаласының шейхтарына қатысты мәліметтерді қамтитынын атап көрсетіп, мәтінде көптеген анахронизмдер мен тарихи шындыққа сәйкес келмейтін элементтер бар деп есептеген. Осыған байланысты ол шығарманың тарихи маңызын төмен бағалаған. Кейінгі зерттеулер Бартольдтың бұл бағасының біржақты болғанын көрсетіп, «Маджму ат-тауарихтағы» аңыздық және тарихи мәліметтерді ажырата отырып, пайдаланудың қажеттігін көрсеткен.

В.А. Ромодин шығарманы зерттеуде жаңа бағыт қалыптастырды. Ол «Маджму ат-тауарихтың» жекелеген бөліктерін аударып, әсіресе қырғыздардың тарихына қатысты мәліметтерді ғылыми айналымға енгізді. Ромодин шығарманың аңыздық және тарихи

элементтер араласқан күрделі дерек екенін көрсете отырып, онда нақты тарихи фактілер де кездесетінін атап өтті. Сонымен қатар, оның еңбектері арқылы «Маджму ат-тауарихтағы» қырғыздардың генеалогиясы, Анка төре ұлысы мен Манасқа қатысты мәліметтерге зерттеушілердің қолы жетті.

А.Т. Тагирджановтың зерттеулері шығарманың қолжазбалық нұсқаларын ғылыми тұрғыдан тануда маңызды рөл атқарады. Ғалым Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің Шығыстану бөлімінде сақталған № 693 нөмірлі қолжазба нұсқасын сипаттап, «Маджму ат-тауарихтың» мәтіндік базасын кеңейтуге үлес қосты. Бұл зерттеулер кейінгі зерттеуші-ғалымдарға шығарманың әртүрлі қолжазба нұсқаларын салыстыра зерттеуге мүмкіндік берді. Ал К.И. Петров «Маджму ат-тауарих» мәліметтерін Утемиш қажының еңбегіндегі деректермен қарастырып, Сейф ад-дин Ахсикенди тарихи мәліметтерді жинақтауда ортақ ақпарат берушілерді пайдалануы мүмкін деген пікір ұсынды. К.И. Петровтың еңбегі «Маджму ат-тауарихты» тек қырғыздардың шежіресіне қатысты дерек қана емес, Жошы ұлысының тарихы туралы мәліметтерді сақтаған дереккөз ретінде қарастыруға жол ашты.

Қырғыз тарихнамасында О.К. Караев «Маджму ат-тауарихтағы» тарихи және аңыздық мәліметтерді салыстырып, шығармада қырғыздардың ру-тайпалық атаулары мен олардың басшылары жайында нақты тарихи деректер сақталғанын атап көрсетті. Кейін С.В. Плоских В.А. Ромодиннің бұрын жарияланбаған аудармаларының бір бөлігін ғылыми айналымға енгізіп, шығарманың үшінші қолжазба нұсқасы Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясында №167а нөмірмен сақтаулы тұрған қолжазба туралы мәлімет береді (Сабитов, 2017).

Т.А. Акерөвтің зерттеулері «Маджму ат-тауарихты» қырғыздардың, Жошы ұлысының және Моғолстанның ортағасырлық тарихы бойынша дерек ретінде кешенді түрде қарастыруға тырысты. Оның 2017 жылы жарық көрген еңбегінде Бішкек нұсқасының қырғыз тілінен орыс тіліне толық аудармасы, тарихи-деректанулық талдауы және түсініктемелері берілді.

Қазіргі зерттеулерде Ж. М. Сабитов пен Г. А. Камбарбекованың «Маджму ат-таварих» материалдарына жасаған талдаулары шығарманың деректік мүмкіндіктерін нақтылауға мүмкіндік береді (Сабитов, Камбарбекова, 2018). Зерттеушілер еңбектегі жекелеген тарихи тұлғалар мен оқиғаларға қатысты мәліметтерді талдау арқылы оның Жошы ұлысы мен Моғолстан тарихын зерттеудегі маңызын көрсетті. Бұл әдіс «Маджму ат-тауарихтағы» қырғыздарға қатысты деректерді де басқа дереккөздермен салыстыра отырып қарастырудың қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, Д.А. Жұмағалиев пен Қ.Г. Ақановтың «Маджму ат-тауарих» как источник сведений об исторических деятелях улуса Чагатай и Моголистана» атты мақаласын атап өтуге болады (Джумағалиев, Ақанов, 2023). Авторлар шығармадағы Шағатай ұлысы мен Моғолстанның тарихи тұлғалары туралы мәліметтерді талдап, олардың саяси тарихты зерттеудегі деректік маңызын көрсетеді. Зерттеушілер «Маджму ат-тауарих» мәліметтерін тарихи контексте қарастыра отырып, шығарманың Моғолстан мен Шағатай ұлысының тарихына қатысты дерек ретіндегі мүмкіндіктерін нақтылайды. Аталған зерттеу шығарманың саяси тарих пен тарихи тұлғаларға қатысты деректік әлеуетін айқындауға елеулі үлес қосты.

Зерттеу нәтижелері


Осылайша, «Маджму ат-тауарих» зерттеу тарихына жасалған тарихнамалық шолу шығарманың ғылыми бағасының уақыт өте келе өзгергенін көрсетеді. В.В. Бартольд оның анахронизмдері мен аңыздық сипатына байланысты тарихи құндылығын төмен бағаласа, кейінгі зерттеушілер шығармадағы тарихи және шежірелік мәліметтерді саралап пайдалану қажеттігін негіздеді. Дегенмен, бұрынғы зерттеулерде шығарманың қырғыздардың ортағасырлық тарихындағы нақты саяси құрылымдармен, әсіресе Анка төре ұлысымен байланысы, қырғыз руларының осы саяси бірлестік құрамындағы орны және Жошы ұлысының

этникалық ортасымен сабақтастығы толық әрі жүйелі түрде қарастырылмаған. Бұл мәселелер осы зерттеуде талдаудың негізгі бағыттарын құрайды.


«Маджму ат-Тауарих» шығармасынан қазақша аударма үзінділері:

Бұл бөлімде Әмір Темір Сахибқыранның құрылтай шақыруы мен әскер жіберуі баяндалады (95 б) (1-сурет)

Моғолстанның барлық аймақтарында билікті түбірімен орнату үшін дүниені иеленушінің құдіреті алдында ештеңе кедергі болмаған әрі оның жеңіске деген жігері ұлы болғандықтан, Анка Тура Моғолстанға Хызыр Хожаны әкім етіп тағайындаған еді. Хызыр Хожа Шағатай Анка Төренің келінінің әкесі еді. Әмір Темір Сахибқыран Әмір Барлас, Әмір Йадгарды және Әмір Сүлеймен Шахты елші етіп жіберді. Елшілер бірнеше күн жол жүріп, Анка Төренің жайына жетіп, (ішке) кірді. Елшілер Әмір Темір Сахибқыранның хатын берді. Анка Төре Әмір Темір Сахибқыран не дегенін оқып көрді: «Анка Төре егер бізге бағынса, Ходжендтен Қашғарға дейін мейірім танытамыз. Егер қабыл алмаса, соғыс дайын». Анка Төре жақсы мінез танытып, көп сый-сыяпат, заттар беріп, Әмір Сахибқыранға тоғыз жақсы жылқы дайындап, тағы хат жазып жіберді. Елшілер Анка Төренің алдынан шығып, Керуен деген жерге жетті. Хызыр хан Шағатай Анка Төреге қаһарланып, өз ұлы Дамбур Буғаны бұйырды. Дамбур



Буға бес жүз адаммен келіп, Әмір Барлас және Әмір Йадгар, Әмір Сүлеймен Шахты тұтқындап, Анка Төре бір-біріне қарсыласып, Анка Төре елшілерді қайта қабылдап, Әмір Йадгар, Әмір Сүлеймен жолға шықты. Ақырында Самарқандқа жетіп, (ішке) кіріп, өткен оқиғаларды Сахибқыранға айтты.



1-сурет. «Маджму ат-тауарих» № B667 қолжазба нұсқасының 95 б – 96 б беттері

Бұл бөлімде Әмір Темір Сахибқыранның сол 791 жылы Анка төре, Хызыр хан және Шағатай оғланға қарсы Моғолстанға жорық жасауға бет бұруы туралы баяндалады (96 б) (1-сурет)

Хәзіреті Сахибқыран Моғолстанға жорық жасауға бел буды. Бұл хабар Хәзіреті Мәулана Ағзам Сейид Мир Джалиге жетті. Анка Төреге хабарлауға адам жіберіп, бірнеше кісі Узкендке аттанды. Үш күннен соң жетті. Хәзіреті Бурханаддин Қилдж қарсы алуға шығып, сеніміне кіріп, қонақ қылады. Кукира оған қызмет етеді. Кукираны Қу Оғұлға жібереді. Қу Оғұл ұлдарына келді. Нәзір қажеттілігін көп әкеліп, қонақ қылды. Қу Оғұл қызын оның алдына әкелді. Сал еді. Мәулана Ағзам дұға етті. Жағдайы жақсарды. Мәулана Ағзамға нәзір жасады. Хәзіреті Мир Жалил Кукраға сый жасады. Кукира некелесті.

Әмір Темір Сахибқыраннан бірер сөз тыңдаңыз (97 а-б) (2-сурет)

Сол мекенінен қосынды жинап, жолға түскен болатын. Азық-түлік қоры мен жұмысқа жегілген малы бар жауынгерлер Рават-шах, Тубалик, Қырқ өңірлерін басып өтіп, Орнақ асуынан асты және әскерилердің аттары қатты жүдеп кеткен және әр он атты (әскер) Самарқандқа қайтарылды және олардың аттарын жеті басқа адамға бөлді және әскерді екі атты жасап, бақ-ырысымен жолға шықты. Себебі, Суриде (Сирия) су болмады. Әскер су болмағаннан қиналды. Үш күн құдық қазып, су алып, жолға шықты. Сол шөл далада Құдайдың мейірімі тамшыларынан тамызда (ай аты) мол қар, мұз және көп су тапты. Тіпті барлық атты әскерлер және төрт аяқтылар барлығы су басына жиналды және әскер Алла Тағаланың күшімен тұрып, жолға шықты. Тоғра Оталиғ деген жерге жетті. Бұйрық бойынша аң аулап, Айғыралы даласында айдап, көптеген ада есегін (құлан) аулады. Семізін алып, арығын қалдырды және Уланжық даласында Чинар Айғыр деген жерге жетіп, тоқтады. Бас Оғлан Буға, Данике Жике мың салт аттымен келіп, сол жерде баһриндерді іздеді. Мирав және Пир Әли Наз Оң тараптың қарауылы болып тағайындалды. Ол кісі жеңіл қол жарақатына ұшырағанымен, қайсарлық танытып, соғысқа кірісіп, қарсыластарды шегіндіре бастады.


Қарсыластары бір сәт тоқтамай қаша жөнелді, беті қайтып, бытыраңқы күйге түсті және жеңген әскер олардың ішінен бір адамды тұтқындап, жоғары дәрежелі билік иесінің алдына алып келді. Тергеу кезінде анық болды: Анка Төрені Орнақ деген жерде жасырған екен. Хәзіреті Сахибқыран Шейх Әли Баһадур заманында Дайку Темірді барлық әскерімен бірге сол

жаққа Бағлаға жорыққа аттандырды және бұйырды: «Жорықты көшеуілдетпендер, күштеріңді аямаңдар. Орнаққа жетіп, Анка Төреге жол табыңдар». Тағы да әмір етті: «Жол бойында мүлде от жақпаңдар, жау сендердің келе жатқандарыңды білмесін» және ол кісі әскері....(анық емес).

Ұлы Жаратқанның жәрдемімен, шұғыл түрде олардың соңына түсіп жолға шықты. Күн өтіп, әлсіздіктің кесірінен жолдан жаңылып, мүлде басқа жаққа түсіп кеткен екен. Белгілі болғандай, бір бөлігі жолдан жаңылып, басқа жерге ауып кеткен. Сол күні Қазидің (Қазының) кеңестерімен асыға қуалап, түнде Кук Сали деген жерге келді. Келесі күні жол тауып, Айкуз деген жерге жетті. Сол жерде тынығып алды. Жаһан билеушісі Сахибқыран шахзада, нояндар және әмірлермен кеңесті: «біз үш күн жолда қателесіппіз. Мүмкін дұшпандар хабардар болып, тарап кеткен болар. Шешімі мынау: екі тараптан шабуылдаймыз. Нарынға Әмірзаде Омар Шейхты басқа әскермен аттандырды және Әмір Мұхаммедтің ұлы Әмір Джәлалды олардың жетекшісі етеді. Қасиетті тұлғасымен (өзі) қалған әскермен бірге Терау-Шад, Қуй-Марағ, Қураған және Бұйлағу деген жерлерден өтіп, Қара Хожа деген жерге келді. Әмірзада Омар Шейх әскерімен таутас пен дала арқылы жүріп бара жатты. Қай жерде дұшпан тобы жолықса, соғысып, Қобақ деген жерге Анка Төреге жеткенше бәрін талқандап, бағындырып отырды. Тараптар ұран тастап, батырлар мен арыстандарша жаудың әскерін талқандады. Шайқас оты күшейіп, төгілген қан аспанның етегін қызылға бояғандай болды. Қаһарлы батырлар ұрандап, Тәңірдің жәрдемімен сол дінсіздердің көбін қырып, оларды жойды және Анка Төрені жеңіліске ұшыратып, өлкеден қуып шықты. Анка Төрені ескертіп, оны уәлаяттан шығарып жіберді және Кафме деген жерден жеңіл өтті. Есепсіз олжаларды алып, ай жүзді, перідей келбетті, лалагүлдей әдемі отыз қызды тұтқынға алды. Шахзаде, Камкар, Қармаханған, Ахта Диктур жерінде Фарса Тусқа Хәзіреті Сахибқыранның жолы болды және біршама уақыт болды. Олардан ештеңе келмеді. Әлидің бұйрығы күшіне енді, Әмірзада Омар Шейх Ит Ел Джамс Алекул шөліне жетті. Дұшпандардың сегіз жүз салт аттысы олардың Таланазы Баян Темірге қармен қақтығысты. Ол сәтте шахзадамен бірге елу адам болмады. Алайда әмірлер мен баһадүрлердің барлығы болды. Ходалод Хусейни, Темір Қожа Ақбұға, Хаджи Махмуд Шах Сиури, Пир Хаджи Арлат сияқтылар Сахибқыранның әскеріне нәсіп болған жеңістік күдіреттің күшімен жорыққа қатысқан еді. Жеңіс сыйлаушы күдіретті Аллаға тәуекел етіп, еш ойланбастан және іркілместен оларға шабуыл жасады.

Қорғансыз шөлдегі үй болса да, әрбір көмекшіге пана бола тұра, олардың алдында он алты адам тұрса да, Сахибқыранның әскері батырлық қолын көтеріп, жүректерін Құдайдың жәрдеміне байлап, патшаның құт-сәттілігімен кек қылышын суырды. Жарық күндей ашық кек алу үшін қылышын қынабынан суырып, жаман ойлы адамдардың көз алдында ханзаданың әскері таза ниет пен дұрыс сенімнің арқасында бүлік пен бұзақылықтың төрт тобына лайықты жазасын берді. Бір адам сондай ерлік көрсетті, елдің тілінде мадаққа ілініп, әрбір ерліктің үстінен «Офарин» (Жарайсың) естіген, ал Пир Хаджи Талатджи Арлат та сол күнгі ержүректігімен танылды. Ол ерлік дегенді шынайы түрде дәлелдейтіндей дәрежеде батылдық көрсетті және айбарлы арыстандай сол жазықта дінсіз қарсыластардың тағдырына жоқ болу таңбасын басып, олардың денесін жерге құлатты да, жандарын тозаққа жөнелтті. Бірақ дәл сол ерлігінің қарымына тағдырдың жасырынған оғы оған тиген еді және бәршама адам бақытты шейіт мәртебесіне ие болды. Соңында бақыт шашқан жарқын жеңістің таңы атты және жиһадшылар Құдай берген жеңіспен бүлікшілерді талқандап, оларды қашуға мәжбүр етті және моғолдардан көп адамды қолға түсірді. Қандай дүние мүлкі бар, тонап алды. Бүкіл ірі қараны, жылқы мен қойды аманесен олжа қылып, хумаюн әскеріне қайтып келді. Мемлекет иесі Алланың көмекшісі Амирзаде Омар Шейх әскерді жинап, Саадтың күшін қолданып, жорық қылышын көтеріп, дұшпанды жеңіп, жаудың бес қолбасшысын талқандаған соң, қырық дәрежелі даңты және мәртебелі Мұзаффардың әскерімен Орда жаққа келді. Әлемнің қазынасын иеленген Сахибқырған Мұзаффар Қара Хожа жеріне жетіп, тоқтады және соғысқа түскенде жиналған олжаларды және басқа аймақтардан жиналған байлықты алды. Олжаларды әскерге үлестірді және сый бергені сонша әскердің жылқылары семіріп, күш-қуатқа толды. Әлем

патшасы одан кейін, Оудж Қара Бахадур және басқа әмірлер отыз мың әскермен жауды қуып, олардың әскеріне аттануын әмір етті. Олар берілген әмірмен аттанды. Күн өтіп, түн өтіп Артиш



өзеніне жетті және әскердің бір бөлігі судан өтпеді, қарсыластар өзеннің бойымен ағып кетті. Жау қашқан аралдар мен басқа жерлерге жеткенде, олар талқандап, қорқытып, қарсыластың бүкіл күшін жойды. Осылайша көптеген тұтқындар мен мол олжалар жиналды, Мұзаффар мен Мансур жауынгерлерін қырды да Хұмайын ханзаданың керуеніне қосып берді. Сахибқырған Мұзаффар Моғолстандағы қырық мың үйді, әскер орнын және әскер қоймаларын, олардың бәрін тәртіпке келтіріп, Амир Саал, Туғи Буға, Темір Буға және басқа әмірлерге қолбасшылық тапсырды. Олар бүкіл топты және олжаларды Самарқандқа жеткізді. Және Хәзіреті Сахибқырған Анка Төренің ұлысын қиратып, тоғыз жүз отбасы моғолдардың үлкендерін тұтқындап Самарқандқа көшірді. Төрт мың адам Мазендаран орманына жіберілді. Моғолдың он мың үйін Ларестанға жіберді. Он мың адам қашып, Болғар қаласына кетті. Йети қашқа Қыпшақ қолға түсті. Хызыр Хожа Шағатай қолға түсті. Анка Төренің ұлы Ахмадбек қолға түсті. Хызыр Хожаның ұлы Дамбур Буға тұтқындалды. Содан кейін Булағаджи ұлысына адам жіберуді бұйырды. Қайта Ақ Оғұлға жетіп, соғысты. Салусбек Булагачи қолға түсті және Киікші, Бүркітші, Құшшы қолға түсті. Отыз Оғұлдың төрт ұлы Адина, Мунқуш, Қарабағыш, Тағай тұтқындалды. Барлығын қосынға Самарқандқа жіберді. Анка Төренің ұлы Қыпшақ елімен бірге Теңіз тауына қашып кетті. Әмір Темір Сахибқыран бір күннен соң Әбдірахманбекті Ахсикентке аттандырды баһадүрлерден мың адам беріп. Әбдірахманбек Төре Миң хан әулетінен болды. Әбдірахман бек Тоғрайдың күйеубаласы болды. Бірнеше күннен соң Ахсикентке жетіп, кірді. Барлығы алдынан қарсы алуға шығып Ахсиге кіргізіп қонақ етті. Барлығы бағынып, жүректері орнықты. Хәзіреті Сахибқыранға бағынды. Отарларды қосынға Самарқандқа жіберді. Бірнеше күннен кейін Әмір Темір Сахибқыран елді-мекендерді басып өтіп, Самарқандқа жетіп, (ішке) кірді. Барлық тұтқындарды зынданға тастап кіргізді. Дамбыр Буғаны шынжырлап зынданға тастады. Төрт жүз моғол үйін Кулабқа жіберді. Бес жүз моғол үйін Самарқандтың жерінде қалдырды.

2-сурет. «Маджму ат-тауарих» № В667 қолжазба нұсқасының 97 аб, 103 а беттері

Бұл бөлімде Мәулана Ағзам Сейид Мир Жалилдің Ширкентке келуі туралы бандалады (103 а) (2-сурет)

Ақ Оғул, Қу Оғул, Отыз Оғул қашып, Узкендке кетіп, кіреді. Хәзіреті Сейид Мир Жалил Мәулана Ағзам бұл хабарды естіп, Ақ Оғул, Қу Оғулды алып, Молла Саадат, Әмір Диуананы бірге алып Узкендтен шығып, Ширкент жаққа аттанады. Ақырында Ширкентке жетіп, кірді. Ақ Оғул әйелін іздеп, Қошқарға барып, кірді. Қу Оғул Остоханға кетіп, тұрақтады.

Түсініктеме:

1. Анка Төре – Әмір Темірдің белгілі қарсыластарының бірі әрі моғолдардың жетекшілерінің бірі. «Зафар-наме» дерегінде ол Анка-тура деген атпен аталады. «Зафар-наме» еңбегінде оның, сондай-ақ ағасы Хаджи-бек сияқты, Қаратал өңірінде (Жетісудағы Қаратал өзені) дүниеге келгені туралы мәліметтер бар. Бұдан әрі Анка Төренің Тоғлық-Темірдің серігі, Моғолстанның негізін қалаушылардың бірі болған аркинут Хаджи-бектің ағасының баласы екені белгілі. Кейбір зерттеушілер Хаджи-бекті кейін қазақ халқының құрамына енген Арғын (Аргун) тайпасынан шыққан деп есептейді. Анка Төренің шежіресі «Маджму ат-тауарих» еңбегінде келтірілген. Ол Ақтуғ (Ақ ту) деген лақап аты бар Оң хан есімді тұлғаның бесінші ұрпағы. Біздің пайымдауымызша, ол керейіт тайпасынан шыққан Оң хан екеуі бір адам емес. Оң хан атауы жеке есім емес, титул болған болуы мүмкін. Ал әулеттің түп атасы Ақтуғ деп аталып, енисей қырғыздары арасынан шыққан болуы керек.

Сонымен қатар қырғыздың сол және оң қанатына кіретін негізгі рулардың түп аталары Анка төреге туыстас болып келеді. Осы дерекке сүйене отырып, Анка төре мен оның ағасы Хаджи-бек моғолдық Қырғыз әулетінен шыққан деп жорамалдауға болады. Анка төренің Суфийа тариқатына жататын Қасандық шейх Сейид Жалал ад-Дин Ишкийамен тығыз байланыста болғаны да ерекше назар аударады. Дәл осы шейх Анка төрені Әмір Темірдің жорыққа шығатыны жөнінде алдын ала ескерткен. Анка төренің ұлысы (Ертіс маңы) басып алғаннан кейін, шамамен 4 мың отбасы Мазендаранға, 1 мың отбасы Ларстанға көшірілді, бірнеше жүз отбасы Самарқандқа жөнелтілді (олардың қатарында қазіргі қырғыздардың ата-бабалары да болған). Тағы 10 мың отбасы Жошы ұлысының құрамына кірген Булгар өңіріне қоныс аударған.

2. Ақ оғул – Отыз оғул мен Салусбек Булагачидің әкесі. Отыз оғулдан төрт ұл тарайды: Адина, Мункуш, Қарабағыш, Тағай.

3. Салусбек Булагачиден алты ұл өрбіген: Бостон, Теит, Жукбек, Дулс, Хыдыр-шах, Қанды.

4. Қу оғул – алты ұлдың әкесі: Басиз, Лалым Қушчи, Айбаш Мундуз, Чоң Бағыш, Сару Сунджек Хытай.

Әмір Темірдің қолына тұтқынға Адина, Мункуш, Қарабағыш, Тағай және Салусбек Булагачи түсті. Ал Ақ оғул мен оның ұлы Отыз оғул, сондай-ақ Қу оғул аман құтылып кетті. Алайда белгілі бір уақыт өткен соң тұтқынға түскендердің бостандыққа шыққаны аңғарылады, өйткені олар кейінірек тұтқынға түспеген туыстарымен бірге дербес аталады.

Ақ оғул, Қу оғул, Отыз оғул, Салусбек Булагачи, Адина Мункуш, Қарабағыш, Тағай – бұлар Анка төренің туыстары әрі қазіргі қырғыз тайпаларының көпшілігінің арғы аталары болып саналады. «Маджму ат-тауарих» дерегіне қарағанда, Оң қанат, Сол қанат және Ичкилик бірлестіктеріне кірген қырғыздар Моғолстандағы Анка төре ұлысының құрамында болған.

5. Ақ-Темір және оның жеті ұлы (Йети қашқа) аталады, солардың ішінде мәтінде Ақ-Темірдің үлкен ұлы Дәулетиар ерекше көрсетіледі. Бұлардан өзге бұл ұлыс құрамына қыпшақтар да кірген. Деректерде олар не Йети қашқа-қыпшақ (яғни қыпшақтардың жеті көсемі – Ақ-Темір мен оның жеті ұлы), не болмаса Қарқара қыпшақтары ретінде аталады (осы тармақтан әйгілі Манас шыққан деп саналады). Бәлкім, аталған қыпшақтар тағдырдың

жазуымен Анка Төре ұлысына келіп қосылған Алтын Орда қыпшақтарының ұрпақтары болуы ықтимал.

5.1 Натанзидің Алтын Орда ханы Мубарак Хожа туралы былай деп жазады: «Мубарак-Хожа шектен тыс құмарлық пен ашкөздікке беріліп, бүлік шығарды, және бұл бүлік («булқак») күні бүгінге дейін Дешті Қыпшақта белгілі. Алты ай өткен соң ол жұмаққа тең Сарай жазығымен қоштасып, тағы екі жыл алты ай бойы қырғыздар мен Алтай өлкелерінде баспанасыз сенделіп жүрді де, сол жақта қаза тап» (ИКПИ 2006: 256). Осыған қарағанда, қыпшақтар 1360-жылдардағы азаматтық соғыста жеңіліс тапқаннан кейін Мубарак-Хожамен бірге Алтайдағы қырғыздарға қашып барған оның қарамағындағы тайпалар қатарынан болуы әбден мүмкін. Ал бұл қырғыздар Хаджи-бек пен Анка Төре ұлысына қараған қауым өкілдері еді.

5.2 Анка Төренің Тоқтамыспен достық қарым-қатынаста болғаны белгілі, сондықтан бұлар Тоқтамыстың байырғы елдерінен шыққан қыпшақтар болуы да ықтимал.

5.3 Қыпшақтар моғолдардың құрамына 1360- жылдарға дейін де енуі мүмкін, алайда бұл болжамды қуаттайтын дәлелдер алғашқы екі нұсқамен салыстырғанда әлдеқайда әлсіз. Сондай-ақ моғолдың Булагачи тайпасы Мубарак-Хожаның қырғыздар мен моғолдарға қашып барған жауынгерлерінің ұрпақтарынан тарауы да мүмкін.

5.4 Қырғыздардың Ичкилик бірлестігінің құрамына Найман тайпасы да кіреді. Бұлар сол кезеңде Ертіс өзені бойын мекендеген Шибан ұлысына қарасты Алтын Орда наймандарының ұрпақтары болуы мүмкін немесе олар Алтын Орда ханы Мубарак-Хожаның жауынгерлерінен тараған әулеттердің жалғасы да болуы ықтимал.

6. Тығрай және Сахибқыран. Тығрай Әмір Темірдің әкесі Тарағаймен бір адам болса керек. Ал Сахибқыран Әмір Темірдің өзі.

7. Узгенд – Ферғана өңіріндегі қала.

8. Кукра-мырза – Алтын Орда ханы Қара-Ноғайдың ұлы, тағдыр айдап Ферғанаға тап болған. Жылы ол Сейид Жалал ад-Диннің мұриді ретінде сонда аталады. Біраз уақыт өткен соң, «Маджму ат-тауарих» дерегіне сәйкес, Кукра-мырза далаға қайта оралып, Тоқтамыс пен оның ұлдарының қолбасшыларының бірі болған. Мұнда бір қайшылық бар: әдетте Шыңғыс әулетінің өкілдері мырза атағын иеленбеген, бұл атақ көбіне рулықтайпалық ақсүйектердің балаларына берілген. Алайда бұл жайтты түсіндіретін белгілі бір негіз болуы мүмкін.

Нумизматтар Рева Р.Ю. мен Брагин А.О. Сығанақ қаласынан хижраның 783 жылына (1381-1382жж.) жататын, теңге соқтырушы Кукиг-Темір (Куктаг-Темір, Коктаг, Кукиг нұсқалары да кездеседі) деп көрсетілген теңгелерді анықтаған (Рева, Брагин 2017:91). Олар бізбен болған ауызша кеңеске сүйене отырып, бұл тұлға Қара Ноғайдың ұлы болуы мүмкін деген болжады. Зерттеушілер бұл есімді Кукиг деп оқыған. Біздіңше, Кукра-мырзаның толық есімі Кукиг-Темір болуы ықтимал, алайда ол деректерде қате жазылған: «Ти» буыны түсіп қалып, ал «за» жалғауы кейіннен жорамалмен қосылған болуы мүмкін. Осылайша, Тимур есімінің екінші бөлігі мырза титулы ретінде қабылданып кеткен тәрізді.

9. Сейид Жалал ад-Дин, Ишкийа суфийлік тариқатының жетекшісі. Әмір Темір дәуірінде және ол қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде Орталық Азияның саяси элитасына зор ықпал еткен. Тоқтамыш алғашқы немересін Сейид Жалал ад-Диннің атымен атаған болуы мүмкін.

10. Қырғыздар моғолдардың құрамында. XIII ғасырдағы Шағатай ұлысының рулары арасында қырғыздар анықталмаған. Олар моғолдардың құрамына сәл кейінірек енген. Т.И. Султановтың жазуынша: *«Ильчигидай (хан Чагатайского улуса) обеспечивал внутренний порядок в стране и успешную ее защиту от внешних врагов. В частности, он совершил военный поход на северо-восток ханства с целью наказания «военачальников кыргызских племен» (сердаран-и аквам-и кыргыз), которые подвергали нападениям окраинные земли Чагатаидов; оттуда Ильчигидай прибыл к берегам Иртыша и переселил тамошних «лесных жителей» (бишенишинан) в центральные районы своей богохранимой страны» (судя по контексту, в юго-западные пределы Семиречья)* (Султанов 2006: 159). Яғни, іс жүзінде Алтай

мен Ертіс бойында тұрған қырғыздар Ильчигидай билік еткен 1327-1329 жылдары Шағатай ұлысы аумағына қоныстандырылып, кейін моғолдардың құрамына еніп, моғол әскерінің маңызды күштерінің біріне айналған.

Қорытындылай келе, қырғыздар ортағасырлық моғолдар құрамына кірген және сол бірлестікте үлкен орын алған. Қырғыздардың жетекшілері Хаджи-бек пен оның немересі Анка Төре Моғолстанда дуглаттардан кем түспейтін ықпалға ие болған. Қырғыздар Алтай мен Шығыс Қазақстанның бөліктерін мекендеген, әрі олар Жошының ұлысының шығыс аймақтарымен шектескен. Осыған байланысты қырғыздардың құрамына Алтын Орданың этникалық элементтері қосылып, соған Қыпшақ, Найман және, мүмкін, Ичкилик бірлестігіне кірген басқа тайпалар да енген. Белгілі болғандай, Енисей қырғыздарының тілі қыпшақ түркі тілдерінің тобына жатпаған. Бірақ Алтайда ұзақ өмір сүруі (Қырғыз қағанатынан бері) қырғыздардың бір бөлігінің қыпшақтармен көршілестігіне, кейін Жошы ұлысы құрамында қыпшақ тілі үстемдік еткен орталықта болуына байланысты шекаралық қырғыз-қыпшақ тілдер топтамасының пайда болуына әкелген (Н.А. Баскаковтың жіктемесі бойынша), соның ішінде Оңтүстік Алтай қырғыздарының тілі және қазіргі қырғыздардың тілі кіреді. Осы екі популяцияның туыстығын генетикалық мәліметтер де растайды.

Қорытынды

Осылайша, қазіргі қырғыздардың құрамында моғолдық және Алтын Орда бөліктері айқын көрініс табады. Біздің зерттеуімізше, 1389 жылы Оңтүстік Алтай қырғыздары мен қазіргі қырғыздардың соңғы бөлінген уақыты. Сол кезде Әмір Темір Анка Төре ұлысын талқандаған. Сол ұлыстың бір бөлігі Мазендаран мен Ларстанға қоныс аударылып, 10 мың отбасы Булгарға жіберілген. Сондай-ақ қырғыздар Орталық Азияға жеткізілген. Анка Төре ұлысынан аман қалған моғолдардың бір бөлігі (осы ұлыста қырғыздар басым болған) Алтайда қалып, Оңтүстік Алтай қырғыздарының арғы аталарына айналуы мүмкін. Осылайша, «Маджму ат-Тауарих» деректері қырғыздар мен Оңтүстік Алтай қырғыздарының соңғы бөлінуін дәл мерзімде көрсетеді және Анка Төре ұлысындағы қырғыздардың Жошы ұлысы халқымен (Алтын Орда) байланысын анық көрсетеді.

Әдебиеттер

Акеров, 2016 – *Акеров Т.А.* Версия эпоса Манас в книге Маджму ат-Таварих С. Ахсикенди как исторический источник по истории Кыргызского народа // Мир Евразии. №1 (32).2016.

Акеров, 2016 – *Акеров Т.А.* Золотая Орда в легендарном сочинении «Маджмуат-Таварих» С. Ахсикенди// Золотоордынская Цивилизация. №9. 2016.

Акеров, Сабитов, 2017 – *Акеров Т.А. Сабитов Ж.М.* Военно-Политическая деятельность золотоордынского Пулат-хана на Востоке Улуса Джучи по данным Маджму ат-таварих// История, экономика и культура средневековых тюрко-татарских государств Западной Сибири. Материалы III Всероссийской (с международным участием) научной конференции. Курган, 2017.

Досболов, Сооронов, 1996 – *Досболов М. и Сооронов О.* Ахсикенди Сайф ад-Дин Тарыхтардын Жыйнагы (Мажму ат-таварих). Бишкек, 1996.

Джумагалиев, Аканов, 2023 – *Джумагалиев Д.А., Аканов К.Г.* «Маджму ат-таварих» как источник сведений об исторических деятелях улуса Чагатай и Моголистана //Oriental Studies. 2023. Т. 16. № 5. С. 1040–1054.

Том, 2006 – История Казахстана в персидских источниках. Том 4. Алматы: Дайк-Пресс. 2006.

Ромодин, 1973 – Материалы по истории киргизов и Киргизии. Выпуск I / Под ред. В.А. Ромодина. Бишкек: Наука, 1973.

Петров, 1961 – *Петров К.И.* К истории движения киргизов на Тянь-Шань и их отношений с ойратами. Фрунзе, 1961.

Рева, Брагин, 2017 – *Рева Р.Ю. Брагин А.О.* История Приаралья в конце XIV века по летописным и нумизматическим данным. (Часть 2. События 781-793 годов Хиджры) // Вестник НГУ. Серия: История, филология. Том 16. № 3: Археология и этнография. Новосибирск, 2017.

Сабитов, 2017 – *Сабитов Ж.М.* «Маджму ат-Таварих» как источник по истории Улуса Джучи // Золотоордынское обозрение. 2017. Т. 5. № 3.

Сабитов, Камбарбекова, 2018 – *Сабитов Ж. М., Камбарбекова Г. А.* Сведения о Токтамыш-хане из Маджму ат-Таварих// Тюркологические исследования. 2018. Т. 1. №. 4. С. 67–82.

Султанов, 2006 – *Султанов Т.И.* Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. Москва: Издательство Аст. 2006.

References:

Akerov T.A. (2016) – *Akerov T.A.* Versija jeposa Manas v knige Madzhmuat-Tavarih S. Ahsikendi kak istoricheskij istochnik po istorii Kyrgyzskogo naroda // Mir Evrazii. №1 (32).2016. (in Rus.).

Akerov T.A. (2016) – *Akerov T.A.* Zolotaja Orda v legendarnom sochenenii «Madzhmuat-Tavarih» S. Ahsikendi// Zolotoordynskaja Civilizacija. №9. 2016. (in Rus.).

Akerov T.A. Sabitov Zh.M. (2017) – *Akerov T.A. Sabitov Zh.M.* Voenno-Politicheskaja dejatel'nost' zolotoordynskogo Pulat-hana na Vostoke Ulusa Dzhuchi po dannym Madzhmu at-tavarih// Istorija, jekonomika i kul'tura srednevekovyh tjurko-tatarskih gosudarstv Zapadnoj Sibiri. Materialy III Vserossijskoj (s mezhdunarodnym uchastiem) nauchnoj konferencii. Kurgan, 2017. (in Rus.)

Dosbolov M., Sooronov O. (1996) – *Dosbolov M., Sooronov O.* Ahsikendi Sajf ad-Din Taryhtardyn Zhyjnagy (Mazhmu at-tavarih). (pod redakciej Dosbolova M., Sooronova O.). Bishkek, 1996. (in Kyrgyz).

Dzhumagaliev D.A., Akanov K.G. (2023) – *Dzhumagaliev D.A., Akanov K.G.* «Madzhmu at-tavarih» kak istochnik svedenij ob istoricheskikh dejatel'jah ulusa Chagataja i Mogolistana //Oriental Studies. – 2023. – Т. 16. – №.5. – С. 1040-1054. (in Rus).

Tom (1973) – Istorija Kazahstana v persidskih istochnikah. Tom 4. Almaty: Dajk-Press. 2006. (in Rus.)

Romodina V.A. (1973) – Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. Vypusk I. (pod redakciej Romodina V.A.). Bishkek: Nauka, 1973. (in Rus.)

Petrov K.I. (2017) – *Petrov K.I.* K istorii dvizhenija kirgizov na Tjan'-Shan' i ih otnoshenij s ojratami. Frunze, 1961. (in Rus.)

Reva R.Ju. Bragin A.O. (2017) – *Reva R.Ju. Bragin A.O.* Istorija Priaral'ja v konce XIV veka po letopisnym i numizmaticheskim dannym. (Chast' 2. Sobytiya 781-793 godov Hidzhry) //Vestnik NGU. Serija: Istorija, filologija. Tom 16. № 3: Arheologija i jetnografija. Novosibirsk, 2017. (in Rus.)

Sabitov Zh.M. (2017) – *Sabitov Zh.M.* «Madzhmu at-Tavarih» kak istochnik po istorii Ulusa Dzhuchi // Zolotoordynskoe obozrenie. 2017. Т. 5, №3. (in Rus.)

Sabitov Zh.M., Kambarbekova G.A. (2018) – *Sabitov Zh.M., Kambarbekova G.A.* Svedenija o Toktamyshe-hane iz Madzhmu at-Tavarih// Tjurkologicheskije issledovanija. 2018. Т. 1, №. 4. (in Rus.)

Sultanov T.I. (2006) – *Sultanov T.I.* Chingiz-han i Chingizidy. Sud'ba i vlast'. Moskva: Izdatel'stvo Ast. 2006. (in Rus.)

¹ Сабитов Ж.М., ^{2*} Нышан Б.Н.

^{1,2} Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

² Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

E-mail: ¹ zh.sabitov@gmail.com, ² botagoz.nurmahanbet@gmail.com

СВЕДЕНИЯ ОБ ИСТОРИИ КЫРГЫЗОВ В «МАДЖМУ АТ-ТАВАРИХ»

Аннотация. В данной статье рассматриваются сведения по средневековой истории кыргызов, содержащиеся в персоязычном сочинении Сейф ад-Дина Ахсикенди «Маджму ат-таварих». Цель исследования – определить источниковедческую ценность сочинения «Маджму ат-таварих» для изучения средневековой истории кыргызов и научное значение содержащихся в нем сведений по этногенезу кыргызов. Задачи исследования – систематизировать сведения о политической истории, этническом составе и родоплеменной и генеалогической структуре кыргызов, представленные в сочинении; рассмотреть политические изменения, происходившие в ходе походов Амира Тимура в Моголистан; проанализировать процесс вхождения кыргызов в состав Моголистана и их связи с этническими элементами Улуса Джучи. Научная новизна исследования заключается в систематизации сведений о политическом положении кыргызов в улусе Анка-төре и их генеалогических связях, а также в уточнении влияния распада улуса Анка-төре на историю кыргызских общин. В исследовании применены методы текстуального анализа, сравнительно-исторический и историко-генеалогический методы. Основным источником исследования являются фрагменты полного казахского перевода сочинения «Маджму ат-таварих», хранящегося в Институте восточных рукописей Российской академии наук под № В667, а также научные комментарии к нему. В результате исследования установлено, что в сочинении сохранились уникальные сведения по средневековой истории кыргызов. В частности, проанализированы сведения о кыргызских общинах, входивших в состав Правого крыла, Левого крыла и объединения Ичкилик в улусе Анка-төре, а также данные об их политической и родоплеменной структуре. Кроме того, рассмотрено переселение кыргызских общин в различные регионы в результате разгрома улуса Анка-төре и их связи с этнической средой Улуса Джучи. Показано, что, несмотря на наличие анахронизмов и легендарных элементов, сочинение сохраняет ценные сведения о конкретных исторических событиях, миграционных процессах и родоплеменной структуре. Результаты исследования позволяют определить значение «Маджму ат-таварих» как источника по истории Моголистана, Улуса Джучи и средневековой этноистории кыргызов.

Благодарность: Данная статья опубликована по результатам исследований, проведённых в рамках грантового проекта BR24992878 Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Изучение этнополитической и социально-экономической истории Улуса Джучи в XIII-XV веках».

Ключевые слова: «Маджму ат-таварих», персидский источник, Улус Джучи, Моголистан, кыргыз.

¹ Zh. M. Sabitov, ² * B.N. Nyshan

^{1,2}Research Institute for the Study of the Jochi Ulus, Astana, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

E-mail: ¹zh.sabitov@gmail.com, ²botagoz.nurmahanbet@gmail.com

EVIDENCE CONCERNING THE HISTORY OF THE KYRGYZ IN MAJMU' AL-TAWARIKH

Abstract. This article examines information on the medieval history of the Kyrgyz contained in the Persian-language work Majmu' al-Tawarikh by Sayf al-Din Ahsikendi. The aim of the study is to determine the source value of Majmu' al-Tawarikh for the study of the medieval history of the Kyrgyz and to assess the scholarly significance of its information on Kyrgyz ethnogenesis. The objectives of the study are to systematize the information on the political history, ethnic composition, and tribal and genealogical structure of the Kyrgyz presented in the work; to examine the political changes that occurred during Amir Timur's campaigns in Moghulistan; and to analyze the process of the incorporation of the Kyrgyz into Moghulistan and their connections with the ethnic groups of the Ulus of Jochi. The scholarly novelty of the study lies in systematizing information on the political position of the Kyrgyz in the Ulus of Anka-Tore and their genealogical connections, as well as in clarifying the impact of the collapse of the Ulus of Anka-Tore on the history of Kyrgyz communities. The study employs textual analysis, comparative-historical, and historical-genealogical methods. The primary source of the study is excerpts from the complete Kazakh translation of Majmu' al-Tawarikh, preserved at the Institute of Oriental Manuscripts of the Russian Academy of Sciences under No. B667, together with the scholarly commentaries provided for the translation. The study demonstrates that the work preserves unique information on the medieval history of the Kyrgyz. In particular, it analyzes information on Kyrgyz communities belonging to the Right Wing, Left Wing, and Ichkilik confederations within the Ulus of Anka-Tore, as well as data concerning their political and tribal-genealogical structures. The study also examines the migration of Kyrgyz communities to different regions following the defeat of the Ulus of Anka-Tore and their connections with the ethnic milieu of the Ulus of Jochi. Despite the presence of anachronisms and legendary elements, the work is shown to preserve valuable information on specific historical events, migration processes, and tribal structures. The findings demonstrate the significance of Majmu' al-Tawarikh as a source for the study of the history of Moghulistan, the Ulus of Jochi, and the medieval ethnohistory of the Kyrgyz.

Acknowledgement: This article was published based on the results of research conducted within the framework of Grant Project BR24992878 of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, entitled «The Study of the Ethnopolitical and Socio-Economic History of the Jochi Ulus in the 13th–15th Centuries».

Keywords: «Majmu al-tawarih», Persian source, Jochid Ulus, Moghulistan, kyrgyz.

Авторлар туралы мәлімет:

Сабитов Жақсылық Мұратұлы – PhD, Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институтының директоры (Астана, Қазақстан)

Нышан Ботагөз Нұрмаханбетқызы – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты, Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институтының ғылыми қызметкері (Астана, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Сабитов Жаксылык Муратович – PhD, Директор Научного института изучения Улуса Джучи (Астана, Казахстан)

Нышан Ботагөз Нұрмаханбетқызы – PhD докторант ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, научный сотрудник Научного института изучения Улуса Джучи (Астана, Казахстан)

Information about authors:

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – PhD, Head of the Research Institute for the Study of the Jochi Ulus (Astana, Kazakhstan)

Nyshan Botagoz Nurmahanbetqyzy – PhD candidate of L.N.Gumilyov ENU, research fellow at the Research Institute for the Study of the Jochi Ulus (Astana, Kazakhstan)

*Келін түсті 28 маусым 2026 жыл
Қабылданды 20 тамыз 2026 жыл*